"Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі №75481320-ГСЗ1 санды мемлекеттік сатып алу конкурсының комиссиясына

Өнім беруші: «Parasat Aktau» қоғамдық бірлестігінен
БСН/БИН: 191040030685
Тел.: 8-775-922-79-15

Арыз

"Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің №75481320-ГСЗ1 үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыру қызметі аясында өткізілген конкурстың комиссия мүшелерінің қорытынды хаттамасымен келіспейтінімізді хабарлаймыз.

Себебі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығына сәйкесс **Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы** өлшемшарты бойынша тиісті балл дұрыс есептелмеген. **Атап айтқанда,** «Parasat Aktau» қоғамдық бірлестігі 2019 жылы 28 қазанда Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2020 жылдан бастап **әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырды. Растайтын құжаттар қосымшада көрсетілген, алайда Комиссия** құрамы негізсіз бағалаған.

Сондай-ақ, «Арман асуы» қоғамдық қоры **Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)** бойынша өлшемшартымен негізсіз бағалаған. Тартылатын мамандар техникалық сипаттамада көрсетілген мамандарға сай келмейді. Жобаны жүзеге асыру барысында киізден тігу және кілем тігу бойынша маманға арналған оқытушыларға қойылатын талаптар халықаралық қол өнері көрмелерінде алынған арнайы куәлігі болуы керек, сондай-ақ педагогикалық білімі болуы керек. Қолөнерді үйрететін мамандардың тігу және киіз кілем тігуге қатысты авторлық әдістемелік өнерді игеруге байланысты өздерінің авторлық әдістемелік кітаптары болуы керек. «Арман асуы» қоғамдық қорының құжаттарында осы талаптар орындалмаған.

Сонымен, қатар Өнім беруші «Арман асуы» қоғамдық қоры ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігіне бағалауы да негізсіз болып табылады. Мәселенің сипаттамасы зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделмеген. Техникалық сипаттамадағы егжей-тегжейлі

жоспарының атауы (I. Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындау - (Интернет-кеңістікте профилактикалық және қарсы насихаттық іс-шараларды ұйымдастыру)» әлеуметтік жобасы шеңберінде іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары) мазмұнына сәйкес келмейді.

Бұл ретте, 2024 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің № 687 бұйрығының 21 қосымшасына сәйкес 0 **(нөл) балл** қойылу қажет.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** Кодексінің 207-бабына сәйкес, шара көрілуін және **№13906834-ГСЗ1** Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыру қызметі бойынша тиісті өлшемшарттармен бағалап, қорытынды хаттаманы қайта рәсімделуін талап етеміз.

«Parasat Aktau»
Қоғамдық бірлестігінің төрағасы *электронды қол қойылды* **Т. Кусаинова**

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағазға құжат болып табылады.

Тел.: 8775 – 922 79 15